

**"Туберкулезге қарсы күрес жөніндегі бағдарлама" жобасын іске асыру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі өкілдік ететін Қазақстан Республикасы мен Кредитанштальт фюр Видерауфбау арасындағы Қаржыландыру туралы шартқа қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 17 шілде N 796

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Туберкулезге қарсы күрес жөніндегі бағдарлама" жобасын іске асыру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі өкілдік ететін Қазақстан Республикасы мен Кредитанштальт фюр Видерауфбау арасындағы Қаржыландыру туралы шарттың ж о б а с ы м а қ ұ л д а н с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Александр Сергеевич Павловқа Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан қағидатты сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, "Туберкулезге қарсы күрес жөніндегі бағдарлама" жобасын іске асыру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі өкілдік ететін Қазақстан Республикасы мен Кредитанштальт фюр

Видерауфбау арасындағы Қаржыландыру туралы шартқа қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі тартылатын грант қаражатын мақсатты әрі тиімді пайдалануды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Жоба

КРЕДИТАНШТАЛЬТ ФЮР ВИДЕРАУФБАУ, Майндағы Франкфург  
("KfW")

және

Қаржы министрлігі  
тұлғасында

Қазақстан Республикасының Үкіметі  
өкілдік ететін  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

("Алушы")

арасындағы  
2.556.459,41 евро

сомасына

---

Қаржыландыру туралы шарт

-Туберкулезге қарсы күрес жөніндегі бағдарлама-

Германия Федеративтік Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы әлі күшіне енбеген Қаржылық ынтымақтастық туралы келісім ("Үкіметаралық келісім") негізінде Алушы мен KfW мынадай Қаржыландыру туралы шартты жасасады:

1-бап

Сомасы және мақсатты пайдалану

1.1. KfW Алушыға 2.556.459,41 евроға дейінгі мөлшерде өтемсіз қаржылық демеу (грант) ұсынады.

Егер 3.2-бапта өзгеше көзделмесе, грант қайтарылуға жатпайды.

1.2. Алушы гранттың барлық сомасын Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне ("Денсаулық сақтау министрлігі") дотация түрінде жібереді. Алушы Денсаулық сақтау министрлігіне грант қаражатын тек Туберкулезге қарсы күрес жөніндегі бағдарлама ("Жоба") шеңберінде жеткізілетін әрі жүзеге асырылатын зертханалық жарактандыруды, медициналық техникалық жабдықтарды, шығыс материалдарын, мониторинг пен қадағалау, сондай-ақ консалтинг қызметтерін жүзеге асыруға арналған көлік құралдарын қаржыландыру үшін пайдалануды тапсырады; бұл ретте қаражат бірінші кезекте шетел валютасында пайда болған шығыстарды төлеу үшін пайдаланылады. Денсаулық сақтау министрлігі мен KfW Ерекше келісімде Жобаның егжей-тегжейін, сондай-ақ грант қаражаты есебінен қаржыландырылатын жеткізілімдердің, жұмыстар мен қызметтердің тізбесін анықтайды. Грант қаражаты есебінен қаржыланатын жеткізілімдерді, жұмыстар мен қызметтерді орналасқан жері Германия Федеративтік Республикасы болатын және өз

шаруашылық қызметінің елеулі бөлігін ГФР-да жүзеге асыратын компаниялар

жүзеге асыруға тиіс; бұл компаниялардың жобалық жеткізілімдері, жұмыстары мен қызметтері де негізінен Германияда шыққан болуы тиіс.

1.3. Алушы төлейтін салықтар мен басқа да мемлекеттік (қоғамдық) алымдар, сондай-ақ импорттық кеден баждары грант қаражаты есебінен қаржыландырылмайды.

## 2-бап

### Қаражатты төлеу

2.1. KfW грант қаражатын Жобаның іске асырылу барысына сәйкес Денсаулық сақтау министрлігінің талап етуі бойынша төлейді. Денсаулық сақтау министрлігі мен KfW Ерекше келісім шеңберінде төлемдерді жүзеге асыру тәртібі мен, әсіресе, гранттың төленген сомаларын мақсатты пайдалану есебінің тәртібін белгілейді.

2.2. KfW 2005 жылғы 30 желтоқсаннан бастап қаражатты төлеуден бас тартуға құқылы.

## 3-бап

### Төлемдерді тоқтата тұру және қаражатты қайтару

3.1. KfW төлемдерді тек мына жағдайларда ғана тоқтата тұра алады:

- а) егер Алушы KfW-ға қатысы бойынша өзінің төлем міндеттемелерін белгіленген мерзімдерде орындамаса;
- б) егер осы Шарттан немесе осы Шартқа Ерекше келісімнен туындайтын міндеттемелер бұзылса;

в) егер Денсаулық сақтау министрлігі төленген грант қаражатын мақсатты пайдалану туралы куәлікті ұсына алмайтындай күйде болса немесе

г) Жобаны іске асыруды, пайдалануды немесе оның мақсатын болдырмайтын немесе оларға елеулі қатер төндіретін төтенше жағдайлар туындаған кезде.

3.2. Егер 3.1-баптың б) немесе в) тармақтарында аталған мән-жайлардың бірі орын алатын болса және KfW банкі белгілеген мерзімде жойылмайтын болса, бұл ретте бегіленетін мерзім кемінде 30 (отыз) күн болуы тиіс, KfW мынаған құқылы:

а) 3.1-баптың б) тармағына сәйкес мән-жайлар жағдайында барлық төленген соманы дереу қайтаруды талап етуге;

б) 3.1-баптың в) тармағындағы жағдайда Денсаулық сақтау министрлігі сомалардың мақсатты пайдаланылғаны жөнінде есеп бере алмайтындай болса, оларды дереу қайтаруды талап етуге.

## 4-бап

## Шығыстар мен мемлекеттік (қоғамдық) алымдар

Осы Шартты Германия Федеративтік Республикасынан тыс жерде жасауға және жүргізуге байланысты пайда болатын барлық салық пен өзге мемлекеттік (қоғамдық) алымды, сондай-ақ грант төлеу кезінде пайда болған қаражат аудару мен трансферт бойынша барлық шығынды Алушы көтереді.

### 5-бап

## Шарттық мәлімдемелер және өкілдік

5.1. Осы Шартты орындау кезінде Алушының өкілдері Қазақстан Республикасының Қаржы министрі және ол KfW-ға атаған, олардың қол қою үлгілерін өзі куәландыратын адамдар болады. Алушының тиісті уәкілетті тарапынан айқын кері шақырып алу KfW-ға келіп түскен сәтте ғана өкілдікке

құқылық аяқталады.

5.2. Осы Шартқа өзгерістер немесе толықтырулар, сондай-ақ уағдаласушы тараптардың осы Шарт негізінде жасаған өзге де мәлімдемелері немесе хабарламалары жазбаша түрде ресімделуге тиіс. Мәлімдемелер мен хабарламалар төменде көрсетілген немесе Шарт бойынша серіктеске аталған басқа да мекен-жай бойынша олар келіп түскен сәтте алынды деп есептеледі:

KfW: Германия Федеративтік Республикасы

60046 Майндағы Франкфрут

Кредитанштальт фюр Видерауфбау

а/ж 11 11 41

Телефакс: (069) 74 31-29 44

Телекс: 4 15 25 60 kw d

Алушы: Қазақстан Республикасы

473000 Астана

Жеңіс көшесі, 33

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігі

Телефакс: 007-3172-117762

Жобаның орындалуына Қазақстан Республикасы

жауапты ведомство 473000 Астана

Мәскеу көшесі, 66

Қазақстан Республикасының

Денсаулық сақтау министрлігі

Телефакс: 007-3172-337327

6-бап

Жоба

6.1. Алушы Денсаулық сақтау министрлігіне мыналарды тапсырады:

а) тиісті қаржылық және техникалық қағидаттарды сақтай әрі өзі мен KfW арасында келісілген Жобалық тұжырымдамаға мейлінше сай іс-қимыл жасай отырып, Жобаны дайындауды, жүзеге асыруды, пайдалануды және қолдауды;

б) көзделген жеткізілімдерді сатып алуды және бөлуді, сондай-ақ Жоба мониторингін жүзеге асыруды тәуелсіз, білікті германдық инженер-консультанттарға тапсыруды ;

в) ГФР-да өткізілген ашық конкурс нәтижесінде іріктеп алынған әрі өзінің орналасқан жері Германия Федеративтік Республикасы болатын және өз шаруашылық қызметінің елеулі бөлігін ГФР-да жүзеге асыратын компанияларға грант қаражаты есебінен қаржыландырылатын консалтинг қызметтеріне, сондай-ақ медициналық техникалық жабдықтарды, шығыс материалдарын және зертханалық жарақтандыруды жеткізуге мердігерліктер беруді; бұл компаниялардың жобалық жеткізілімдері, жұмыстары мен қызметтері де негізінен Германияда шыққан болуы тиіс;

жергілікті рынокта кемінде үш ықтимал жеткізушінің коммерциялық ұсыныстарын салыстырмалы бағалау негізінде мониторинг пен қадағалау үшін қажет әрі грант есебінен қаржыландырылатын, егер бұл көлік құралдарын жабдықтарды жеткізу конкурсына енгізу орынсыз болған жағдайда, бұл көлік құралдарын жеткізуге тапсырыс беруді ;

г) осы грант қаражаты есебінен қаржыландырылатын жобалық жеткізілімдер, жұмыстар мен қызметтер бойынша барлық шығысты және жеткізілімдер, шығыстар мен қызметтер бойынша шығысты айқын анықтауға болатын кітаптар мен құжаттар жүргізуді немесе жүргізу тапсыруды;

д) KfW уәкілеттік берген адамдарға кез келген уақытта Жобаны іске асыру мен пайдалану үшін мәні бар кітаптар деректерімен және басқа да барлық құжатпен танысу үшін мүмкіндік беруді, сондай-ақ Жобаны және онымен байланысты барлық объектіні көру үшін мүмкіндікті қамтамасыз етуді;

е) KfW-ға Жоба мен оны одан әрі дамыту туралы ол сұраған барлық мәліметті және есепті ұсынуды ;

ж) дереу әрі өз бастамашылығы бойынша Жобаны орындауды немесе оның мақсатын болдырмайтын немесе елеулі қатер төндіретін барлық мән-жай туралы KfW - ді х а б а р д а р е т у д і .

6.2. Денсаулық сақтау министрлігі мен KfW Ерекше келісім шеңберінде 6.1-баптың е г ж е й - т е г ж е й і н а н ы қ т а й д ы .

6 . 3 . А л у ш ы :

а) Жобаны жинақтық қаржыландыруды қамтамасыз етеді, KfW-дің сұрауы

бойынша оған осы қаржылық грант қаражаты есебінен қаржыландырылмайтын шығыстарды жабу туралы куәлік ұсынады, сондай-ақ,

б) тиісті техникалық және қаржылық қағидаттарға сәйкес Жобаны және осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындауды жүзеге асыру кезінде Денсаулық сақтау министрлігіне қолдау көрсетеді, атап айтқанда, оған Жобаны іске асыру үшін қажетті барлық рұқсатты береді.

6.4. Грант қаражаты есебінен қаржыландырылатын жеткізілімдерді тасымалдау үшін Алушы танысқан Үкіметаралық келісімнің ережелері қолданылады.

## 7-бап

### Әр түрлі

7.1. Егер осы Шарт ережелерінің бірі жарамсыз болып табылса онда ол осы Шарттың қалған ережелерін қозғамайды. Осыған байланысты пайда болуы ықтимал кемдік үшін осы Шарт мақсатына сәйкес келетін реттеу қолданылатын болады.

7.2. Алушының осы Шарттан туындайтын талаптарды басқаға беруге немесе к е п і л д і к к е с а л у ғ а қ ұ қ ы ғ ы ж о қ .

7.3. Осы Шарт Германия Федеративтік Республикасының қолданыстағы заңына бағынады. Орындалатын жері Майндағы Франкфурт қаласы болып табылады. Даулы жағдайларда осы Шартты түсіндіру үшін негіз Шарттың неміс тіліндегі мәтіні болып т а б ы л а д ы .

7.4. KfW мен Алушы арасындағы осы Шарт негізінде пайда болған

құқықтық қатынастар Жобаның аяқталу сәтінде, алайда осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 15 (он бес) жылдан аспай аяқталады.

7.5. Осы Қаржыландыру туралы шарт негізінде Шарт жасалған Үкіметаралық келісім Келісім күшіне енгеннен кейін күшіне енеді.

Екі-екіден неміс және орыс тілдерінде төрт түпнұсқада жасалды.

Майндағы Франкфурт,

Астана,

\_\_\_\_\_ ж.

\_\_\_\_\_ ж.

Қазақстан Республикасының  
КРЕДИТАНШТАЛЫТ  
ФЮР ВИДЕРАУФБАУ

Үкіметі өкілдік ететін  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Жұманазарова А.Б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК